

## МАМАНДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

### 6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы Магистратура деңгейі

#### **6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім беру мақсаты:**

6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім берудің негізгі мақсаты:

- еңбек нарығында қажетті жоғары білікті педагогикалық кадрларды дайындау;
- бастауыш білім беру пәндері аясында жүйелі білім беруді қалыптастыру және жалпы заңдылықтарды үйренуде инновациялық технологиялары қолдану;
- әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие, кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті магистрлердің шешуші және арнайы күзіреттіліктеін қалыптастыру,
- магистранттарға бастауыш, кәсіби, жоғары білім беру деңгейінің білім беру үдерістері мен құбылыстарын бақылау және талдаудың ғылыми-зерттеушілік және эксперименттік әдістерінің негізін меңгерту;
- жалпыадамзаттық және жеке әлеуметтік құндылықтарды, ғылыми ойлау және дүниетанымын қалыптастыру.

#### **1. Біліктілік пен қызметтер тізімі**

Аталған білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлекке «6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрі» дәрежесі беріледі.

Педагогика ғылымдарының магистрі жоғары білікті маман ретінде еңбек өтілі талап етілмей, педагогикалық қызметкерлер қызметтерінің Типтік біліктілік сипаттамасына сәйкес санаты жоқ және оған тең дәрежелі тұлға ретінде, Қазақстан Республикасы Ғылым және Білім министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 және өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 2011 жылғы 09 маусымдағы №241, 27 желтоқсан 2013 жылғы №512 бұйрығына сәйкес келесі қызметке ие бола алады:

– оқытушы (ассистент);

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы №201 бұйрығымен бекітілген басқарушы қызметкер, мамандар және де басқа да қызметтердің Біліктілік анықтамалығына сәйкес:

– кіші ғылыми қызметкер болып (жоғары оқу орындарының (факультеттердің) ұсыныстары бойынша кіші ғылыми қызметкер лауазымына оқу барысында тәжірибе жинақтаған, жоғары оқу орындарын (магистратураны) бітіруші түлектер тағайындала алады.

#### **2. Білім беру бағдарламасы түлектерінің біліктілік сипаттамасы**

##### **2.1 Кәсіби қызмет ортасы**

6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі өзінің кәсіби қызметін білім беру салаларында жүзеге асыра алады. 7 - Біліктіліктің Ұлттық Шеңберінің (БҰШ) біліктілік деңгейі бойынша.

## **2.2 Кәсіби қызмет нысандары**

6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрінің кәсіби қызмет нысандары төмендегідей болып табылады:

- жекеменшік және ведомстволық бағыныштылық түріне қарамай, орта білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлері;
- кәсіби білім беру ұйымдары;
- жоғары оқу орындары;
- ғылыми-зерттеу институттары;
- білім беру жүйесінде біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау институттары;
- білім беру саласында өкілетті және жергілікті атқарушы органдар.

## **2.3 Кәсіби қызмет пәні**

6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрінің кәсіби қызмет пәні төмендегідей болып табылады:

- инновациялық психологиялық-педагогикалық әдістер мен құралдар арқылы білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру;
- ЖОО-дары, орта білім беру ұйымдары және кәсіби білім беру ұйымдарының білім беру үдерісі аясында зерттеу қызметін ұйымдастыру;
- білім беру жүйесін басқарудағы инновациялық үдерістерді қолдауда өкілетті және жергілікті атқарушы органдардың қызметі.

## **2.4 Кәсіби қызметтердің түрлері**

6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:

- білім беру ( педагогикалық);
- оқу-тәрбие;
- оқу-технологиялық;
- әлеуметтік-педагогикалық;
- ғылыми-зерттеу;
- ұйымдастыру және басқару.

## **2.5. Кәсіби қызметтің міндеті**

6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрі кәсіби қызметінің міндеттері:

- білім беру;
- тәрбие беру;
- кәсіби бағдар;
- ғылыми-зерттеу;
- санитарлық-гигиеналық.

## **2.6 Кәсіби қызметтердің типтік міндеттері**

6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрінің кәсіби қызметтерінің типтік міндеттері келесі кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес келеді:

### **✓ білімі беру қызметі саласы бойынша:**

- жалпы білім беретін, кәсіби оқу орындарында, жоғарғы оқу орындарында, диагностикалау, түзету, педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелерін болжау педагогикалық үдерісін жобалау және ұйымдастыру;
- жалпы білім беретін, кәсіби білім беру мекемелерінде, жоғарғы оқу орындарында білім алушылардың субъектілік қызметін ұйымдастыру;
- білім беру саласында инновациялық тәжірибелерді оқып үйрену, жинақтау және тарату.

### **✓ оқу-тәрбие қызметі бойынша:**

- жалпы білім беретін, кәсіби оқу орындарында, жоғарғы оқу орындарында білім алушылардың жеке тұлғалық дамуы мен қалыптасу үдерісін басқару;
- оқу-тәрбие жұмыстарын заңға, заңдылықтарға, қағидаларға, педагогикалық үдерістердің тәрбиелік құрылымына сәйкес жобалау және ұйымдастыру;
- орта білім беру, педагогикалық колледждер және жоғары оқу орындарында бастауыш сынып оқушыларына білім беру мен тәрбиелеуге негізделген әр түрлі әдіс-тәсілдерді таңдап алу;
- қоғамдық пікірлерге, қоғамдық ережелерге, салт-дәстүрлерге және оларды кәсіби іс-әрекетте пайдалануға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды қалыптастыру;
- қызметтік этика ережелерін сақтау, этикалық және мінез-құлық ережелерін меңгерту.

### **✓ оқу-технологиялық қызмет саласы бойынша:**

- оқу үдерісінде қолдануға негізделген инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау;
- білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану туралы, білім алушылардың субъектілік қызметі туралы ақпаратты өңдеу және іздеуді ұйымдастыру,
- кәсіби және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша алған білімдерін тәжірибе жүзінде көрсете білу.

### **✓ әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласы бойынша:**

- білім алушыларды дамыту мен тәрбиелеу үшін педагогикалық қолдау көрсету, қолайлы жағдайды ұйымдастыру және жобалау;
- тұлғалық ұмтылыс деңгейін объективті бағалауды, іскерлік этиканың нормаларын, этикалық және құқықтық нормаларды қалыптастыру;
- дене, рухани және интеллектуалдық өзін-өзі дамыту амалдарын меңгеру, психологиялық сауаттылықты, ойлау мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;

### **✓ ғылыми-зерттеу саласы бойынша:**

- зерттеу қызметінің алгоритмін меңгеру, зерттеуді жоспарлау және ұйымдастыру;
- ғылыми-зерттеу әдебиеттерін оқуды ұйымдастыру және жоспарлау;
- бастауыш білім берудегі инновациялық педагогикалық тәжірибелерді жинақтау, жоспарлау және оқуды ұйымдастыру;
- педагогикалық эксперименттердің нәтижелерін оқу үдерісіне енгізуді жоспарлау және ұйымдастыру;

- әр түрлі ғылыми және білім беру мекемелерінде бағдарлы пәндер бойынша зерттеу жұмыстарын орындау;
- бастауыш сыныптарды оқыту әдістемесі, теориясы мен технологиясы жетістіктерін шығармашылықпен қолдана білу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жинақтау;
- өзінің зерттеу іс-әрекетінің нәтижелерін бағалай білу, өңделген ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін қолдану, ізденіс жұмыстарының жағымды және жағымсыз жақтарын әр қырынан көре білу;

✓ **Ұйымдастыру-басқару қызметі саласы бойынша:**

- мазмұндық-процессуальді білім беру үдерісі құрайтын (бастауыш, кәсіби, жоғары білім беру пәндері курстарының мазмұны, әдіс-тәсілдері, құралдары және даму ортасын ұйымдастыру, білім берудің әр түрлі деңгейлеріне сәйкес, білім алушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруды жоспарлау мен ұйымдастыруға қолдану);
- мемлекеттік құрылымдағы түрлі білім беру деңгейлерін басқару қызметі.

**2.7 Кәсіби қызметтің мазмұны**

6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрінің кәсіби қызметінің мазмұны:

- педагогикалық үдерістерді сапалы ұйымдастыру және басқару;
- білім алушыларды танымдық қызмет амалдарын, білім беру және оның маңыздылығын белсенді меңгеруге бағдарлау;
- әр түрлі педагогикалық технологияларды қолдану, білім алушылардың өз бетімен білім алуына және өзін өзі дамытуына қолайлы жағдайлар жасау;
- қазіргі талаптарға сай кәсіби, ғылыми-зерттеу, өндірістік іс-әрекеттерді жүзеге асыру.

**3. Білім беру нәтижелері (жалпы құзіреттіліктер)**

6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі (7 - БҰШ-ның біліктілік деңгейі бойынша) оқытудың екінші деңгейінің Дублин дескрипторына сәйкес оқыту нәтижелері келесі біліктіліктерді жобалайды:

- ғылыми зерттеулердегі идеяларды дамыту немесе қолдануға негіз болатын жоғарғы білім деңгейінде алынған дамытушы білім мен түсінігін көрсету;
- жаңа немесе бейтаныс жағдайларда зерттеліп отырған салаға байланысты мәселелерді шеше алу, түсіну және өзінің білімін кең ауқымда қолдана алу;
- білімді кіріктіру, қиындықтарды шеше білу және осы пікірлерді және білімдерді қолданғаны үшін толық емес немесе шектелген ақпараттарды этикалық және әлеуметтік жауапкершілікті есепке алу;
- өзінің білімі мен тұжырымын, олардың дәйектемелерін мамандар және маман еместерге нақты және түсінікті түрде айтып беруі;
- өз бетінше білім алуын жалғастыруы.

6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрінің **жалпы құзіреттілігі** кілттік (жалпы білімге, әлеуметтік-этикалық, экономикалық, ұйымдастырушылық-басқару құзіреттіліктері) және **арнайы** құзіреттіліктер негізінде қалыптасады.

### **3.1 Шешуші құзыреттіліктер**

**Ғылыми және педагогикалық магистратура түлегінің шешуші құзыреттілігіне қойылатын талаптар:**

**1) қоғамдық өмірде ғылым мен білімнің рөлі туралы;**

- ғылыми танымды дамытудағы заманауи үдерістер туралы;
- әлеуметтік, экономикалық, жаратылыстану ғылымдарының философиялық және методологиялық өзекті мәселелері туралы;
- жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби құзіреттілігі туралы;

жаһандану үдерісінде әлеуметтік-экономикалық салдардың қайшылығы туралы **түсінігі болуы керек.**

**2) ғылыми дүниетанымның әдіснамасын;**

- ғылыми іс-әрекет қағидалары мен құрылымын ұйымдастыру;
- білім беруде білім алушылардың танымдық қызметі психологиясын;
- білім берудің сапасы мен тиімділігін арттырудағы психологиялық әдістер мен тәсілдерін **білуі керек.**

**3) ғылыми зерттеулерде өзінің алған білімін дамыту және қолдана алу;**

- қазіргі тұжырымдамаларды, үдерістер мен құбылыстарды талдауға теориялар мен тұғырларды сыни тұрғыдан талдау;
- жаңа белгісіз жағдайларда зерттеу міндеттерін шешу үшін әр түрлі пәндер бойынша алынған білімдерді кіріктіру;
- білімдерді кіріктіру жолында пайымдаулар шығару, толық емес және шектеулі мәліметтер негізінде шешім қабылдау;
- өзінің педагогикалық қызметінде жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясынан алған білімдерін қолдану;
- оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану;
- ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмыстарды, заманауи ақпараттық технологияларды қамтып өткізу;
- жаңа мәселелер мен жағдайларды шешуде сыни тұрғыда және шығармашылықпен келу;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін және жоғары оқу орындарында арнайы пәндерден сабақ беру үшін шетел тілін кәсіби деңгейде меңгеру;
- ғылыми-зерттеу және талдау нәтижелерін есеп, талдау, ғылыми мақала, диссертация түрінде жинақтау **білігі болу керек.**

**4) ғылыми-зерттеу қызметі, ғылыми стандарттық міндеттерді шешу;**

- оқытудың кредиттік технологиясы арқылы білім беру және педагогикалық іс-әрекеттің жүзеге асыру;
- кәсіби пәндерді оқытудың әдістемесі;
- білім беру үдерісінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану;
- кәсіби және мәдени қарым-қатынас;
- шешендік өнер, ауызша және жазбаша түрде өз ойын дұрыс көрсете білу;
- күнделікті кәсіби іс-әрекетте және докторантурада оқуын жалғастыру үшін алған білімдерін тереңдету және кеңейту **дағдыларын меңгеруі керек.**

**5) ғылыми зерттеулердің әдіснамасы саласында;**

- жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында;
- заманауи білім беру технологиялары сұрақтары бойынша; в вопросах современных образовательных технологий;
- кәсіби іс-әрекетте, ғылыми және зерттеу жобаларын орындауда;

– жаңартылған білім беруді қамтамасыз етуде, кәсіби білік пен дағдыларды жетілдіруде *құзіретті болу*.

### **3.2 Арнайы құзіреттіліктер**

#### **✓ А – білу және түсіну:**

A1 – ғылыми және ғылыми-әдістемелік іс-әрекет мақсаты мен міндеттерін;

A2 – бастауыш оқытудың теориялық және методологиялық негіздерін;

A3 – бастауыш білім беруде инновациялық технологиялар мен заманауи тәсілдемелерді;

A4 – педагогикалық және дербесәдістемелік пәндерді оқытудың негіздерін;

A5 – бастауыш мектептердегі түрлі білім беру саласы бойынша мәселелерді;

A6 – білім беру саласында ғылыми-тәжірибелік инновациялық өңдеулер мен қолданбалы зерттеулерді жүйелі түрде шешуге негізделген міндеттерді;

A7 – педагогика ғылымдарының заманауи мәселелерін саралауға мүмкіндік беретін, ғылыми басқарудың негізгі категорияларын;

A8 – бастауыш білім берудегі педагогикалық технологиялардың теориялық негіздерін *білу*.

#### **✓ В – білімді қолдану және түсіну:**

B1 – жаңа концептуальды идеялар мен педагогика ғылымдарын дамыту бағыттарын заманауи білім беру парадигмасы мәнмәтіндерінде қолдану;

B2 – ғылыми зерттеу нәтижелерін теориялық талдау әдістері мен компьютерлік модельдеу тәсілдерін меңгеру;

B3 – түрлі қызмет салаларында бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі негіздері туралы білімді меңгеру;

B4 – ғылыми зерттеу методологиясын меңгеру;

B5 – педагогика бойынша ғылыми зерттеулерде методологиялық, теориялық және қолданбалы деңгейлердің өзара байланысы туралы білімдерді қолдану;

B6 – психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сандық және сапалық әдістерін талдау арқылы әр түрлі жастағы білім алушылардың әрекеті, қарым-қатынасы, дамуының диагностикасын жүргізу;

B7 – педагогиканың негізгі ғылыми концепцияларын қолдану және ғылым мен қоғамн дамуындағы жалпы мәселелердің арақатынасын түсіну.

#### **✓ С – пікір қалыптастыру:**

C1 – ғылыми-педагогикалық ойлау инновациялық стилі және педагогикалық болмысты бүтіндей қабылдау;

C2 – ойлаудың дербестігі, сыни, талдау және диагностикалық дағды;

C3 – педагогикалық мамандықтың әлеуметтік мәнін ұғыну, кәсіби этика қағидаларын сақтау, педагогтың жеке кәсіби сапаларын жетілдіру;

C4 – бастауыш білім берудің сапасы туралы кешенді талдау қабілеті мен пайымдауын қалыптастыру;

C5 – дүниетанымын, саналылығын, белсенділігін, өзін өзі тану, ғылыми-зерттеушілік және шығармашылық қызметін дамыту;

C6 – кәсіби-педагогикалық сана-сезімді, болашақта білім алушылардың жеке басының кәсіби және өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру.

#### **✓ D – жекетұлғалық қабілеттілігі:**

D1 – педагогтың жеке тұлғалық кәсіби сапасының болуы, қарым-қатынас технологияларын, педагогикалық риторика дағдысын, қарым-қатынас стратегияларын меңгеруі;

D2 – жаңа құндылықтарды жасауға дайын, шығармашылық шешімдерді қабылдай алатын, төзімді және педагогикалық ынтымақтастыққа дайын болуы;

D3 – интеллектуальды, рухани-адамгершілікті, мәдениетті, қарым-қатынас, ұйымдастыру-басқару дағдыларын дамытуға ынталы;

D4 – педагогикалық іс-әрекетке талпынысы жоғары, педагогикалық инновацияларды шығармашылықпен қолдана алуы, өз бетінше білім алуы, өзін өзі жетілдіруі;

D5 – мәдени құбылыс ретінде ғылыми білімдерін дамыту және қалыптасу заңдылықтарын түсіну қабілеті;

D6 – ғылыми еңбектерді дайындау жолында бар білім аясын кеңейтетін нағыз зерттеулер арқылы өзіндік үлес қосу қабілетінің болуы;

D7 – білім алушылардың дене мәдениетін, еңбекті қорғау талаптарын сақтау қағидаларын қалыптастыруды жүзеге асыру қабілетінің болуы;.

#### **4. Оқыту әдістері мен стратегиялары**

6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі (7 - БҰШ-ның біліктілік деңгейі бойынша) бойынша жалпы оқытудың нәтижелері төмендегі оқу шараларын орындау арқылы қол жеткізуге болады:

1) *аудиториялық сабақтар*: дәрістер, семинарлар және практикалық сабақтарды – оқытудың инновациялық технологияларын есепке ала отырып, ғылыми жетістіктерді, интербелсенді ақпараттық жүйелер мен технологияларды қолдана отырып жүргізіледі;

2) *аудиториядан тыс сабақтар*: білім алушылардың өзіндік жұмысы, оқытушы жетекшілігімен орындалатын жұмыстар және жеке кеңес беру;

3) оқу және кәсіби практика жүргізу, диссертациялық жұмысқа дайындық.

Мамандықтың білім беру бағдарламасының мазмұны білім алушыларға пәндік, пәнішілік, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік жүйені меңгеруді, география, педагогика мен психология салаларында білім мен түсініктерін көрсетуді, алған білімдерін кәсіби деңгейде қолдануға мүмкіндік береді.

Дәрістер, семинарлар, пікірталастар және практикалық сабақтар, практика түрлері – 6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша магистранттардың кілттік және арнайы құзіреттіліктерін дамыту үшін, бастауыш білім беруде әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды есепке ала отырып, теориялық білім негіздерін, педагогикалық технологиялар мен ақпарат көздерін (мультимедиялық оқыту бағдарламалары, электронды оқулықтар, ТВ және интернет технологиялар) кең ауқымды қолдануға мүмкіндік береді.

Профессор-оқытушылар құрамының магистранттардың өзіндік жұмысына жетекшілік етуі, жеке кеңес беруі, олардың оқу және ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, магистранттардың бітіруші курстары таңдап алған тақырыптары бойынша арнайы ғылыми жетекшілерімен бірге диссертациялық жұмыс жазады.

#### **5. Оқу нәтижелерін бақылау және бағалау**

Магистранттарды даярлау барысында (7 - БҰШ-ның біліктілік деңгейі бойынша) 6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін бақылау мен бағалаудың әр түрлі формаларын қолдануды қарастырады: *күнделікті және ағымдық бақылау* (сабақтарда сұрау, оқу пәндері бөлімдері бойынша тест тапсыру, бақылау жұмыстары, практикалық жұмыстарды қорғау, курстық жұмыстар, портфолио, пікірталастар, тренингтер, коллоквиумдар және т.б.), *аралық аттестация* (оқу пәндері бөлімдері бойынша

тест тапсыру, емтихан, практика есебін қорғау), *қорытынды мемлекеттік аттестация* (магистрлік диссертацияны қорғау, мемлекеттік пәнішілік емтихан).

Бағалау әдістері сыни ойлауды, интеллектуалды, жазбаша және ауызша қарым-қатынасты, тәжірибелік зерттеулерді дамыту мақсатында болады.

Мамандық бағдарламасы педагогикалық практиканы, ол магистранттарға пән бойынша тәжірибелік-бағдарлық білім мен дағдыларды меңгеруді, оқу-педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру және жоспарлауды, бастауыш білім беру пәндерін оқытудың әдістемесін, оқу үдерісінде оқытудың иновациялық технологияларын қолдануды, сонымен қатар білім алушылар мен оқытушылардың өзара қарым-қатынасы және т.б. қамтиды.

### 6. Оқу жоспарындағы пәндер матрицасы және арнайы құзіреттіліктер

№	Пәндер	A1	A2	A3	A4	A5	A6	A7	A8	B1	B2	B3	B4	B5	B6	B7	C1	C2	C3	C4	C5	C6	D1	D2	D3	D4	D5	D6	D7	
1.	Педагогика	*	*	*				*	*	*				*	*	*			*				*	*	*	*				
2.	Психология	*	*					*	*	*				*	*	*	*	*				*		*						
3.	Зерттеу жұмыстарының методологиясы мен әдістері	*	*			*	*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*					*	*	*		
4.	Зерттеулердегі математикалық талдау әдістері	*						*			*	*	*	*	*	*					*							*		
5.	Зерттеулердегі математикалық статистика	*						*			*	*	*	*	*	*					*							*		
6.	Бастауыш білім берудегі зерттеулер	*		*	*	*	*	*	*	*		*	*	*		*		*	*	*		*		*	*	*	*	*	*	
7.	Бастауыш білім берудегі бағдарламаларды жобалау	*	*	*	*	*	*	*	*		*		*	*	*		*			*		*						*		
8.	Бастауыш мектепте интербелсенді оқыту	*	*	*	*		*		*	*		*					*				*	*	*	*		*			*	
9.	Педагогикалық антропология	*	*			*	*	*	*	*	*		*	*	*		*	*	*		*					*	*	*		
10.	Педагогикалық деонтология	*					*	*		*				*		*		*	*					*		*			*	
11.	Кәсіби қызмет психологиясы мен акмеологиясы	*					*	*		*				*		*		*	*					*		*			*	
12.	Педагогтың кәсіби дамуы	*	*	*	*	*	*		*	*							*		*		*	*	*	*					*	
13.	Педагогикалық іс-әрекетке	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*		*	*		*	*	*	*		*	*	*	*	*	*	*	*	*



	дайындауды қалыптастыру технологиясы																												
14.	Кәсіби қызметтегі ақпараттық технология	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
15.	Педагогикалық этика	*		*		*		*		*		*		*		*		*		*		*		*		*		*	
16.	Бастауыш мектепте тілдік білім	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	
17.	Бастауыш мектепте әдебиеттік білім	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	
18.	Кіші мектеп жасындағы оқушыларға математикалық білім	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	
19.	Бастауыш мектепте жаратылыстану ғылымынан білім	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	
20.	Бастауыш мектепте зерттеуге үйрету технологиясы	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	
21.	Бастауыш мектепте тұлғаға бағдарлап оқыту технологиясы	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	
22.	Әдістемелік пәндерді оқыту технологиясы	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	
23.	Кәсіби пәндерді оқыту әдістемесі	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	
24.	Бастауыш білім беру сапасын бағалаудың халықаралық жүйесі	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	
25.	Педагогикалық үдеріс сапасын бағалау және мониторингілеу әдістемесі	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	
26.	Ғылыми-зерттеу жұмысы	*			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	
27.	Педагогикалық практика	*			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	
28.	Ғылыми-зерттеу практикасы	*			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	

<p>✓ <b>А – білу және түсіну:</b>  A1 – ғылыми және ғылыми-әдістемелік іс-әрекет мақсаты мен міндеттерін білу;  A2 – бастауыш оқытудың теориялық және методологиялық негіздерін білу;  A3 – бастауыш білім беруде инновациялық технологиялар мен заманауи тәсілдемелерді білу;  A4 – педагогикалық және дербесәдістемелік пәндерді оқытудың негіздерін білу;  A5 – бастауыш мектептердегі түрлі білім беру саласы бойынша мәселелерді білу;  A6 – білім беру саласында ғылыми-тәжірибелік инновациялық өңдеулер мен қолданбалы зерттеулерді жүйелі түрде шешуге негізделген міндеттерді білу;  A7 – педагогика ғылымдарының заманауи мәселелерін саралауға мүмкіндік беретін, ғылыми басқарудың негізгі категорияларын білу;  A8 – бастауыш білім берудегі педагогикалық технологиялардың теориялық негіздерін білу.</p>	<p>✓ <b>С – пікір қалыптастыру:</b>  C1 – ғылыми-педагогикалық ойлаудың инновациялық стилі және педагогикалық шындықты тұтастай қабылдау  C2 – ойлаудың дербестігі, сыни, талдау және диагностикалық дағды;  C3 – педагогикалық мамандықтың әлеуметтік мәнін ұғыну, кәсіби этика қағидаларын сақтау, педагогтың жеке кәсіби сапаларын жетілдіру;  C4 – бастауыш білім берудің сапасы туралы кешенді талдау қабілеті мен пайымдауын қалыптастыру;  C5 – дүниетанымын, саналылығын, белсенділігін, өзін өзі тану, ғылыми-зерттеушілік және шығармашылық іс-әрекетін дамыту;  C6 – кәсіби-педагогикалық сана-сезімді, болашақта білім алушылардың жеке басының кәсіби және өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру.</p>
<p>✓ <b>В – білімді қолдану және түсіну:</b>  B1 – жаңа концептуальды идеялар мен педагогика ғылымдарын дамыту бағыттарын заманауи білім беру парадигмасы мәнмәтіндерінде қолдану;  B2 – ғылыми зерттеу нәтижелерін теориялық талдау әдістері мен компьютерлік модельдеу тәсілдерін меңгеру;  B3 – түрлі қызмет салаларында бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі негіздері туралы білімді меңгеру;  B4 – ғылыми зерттеу методологиясын меңгеру;  B5 – педагогика бойынша ғылыми зерттеулерде методологиялық, теориялық және қолданбалы деңгейлердің өзара байланысы туралы білімдерді қолдану;  B6 – психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сандық және сапалық әдістерді талдау арқылы әр түрлі жастағы білім алушылардың әрекеті, қарым-қатынасы және дамуының диагностикасын жүргізу;  B7 – педагогиканың негізгі ғылыми концепцияларын қолдану және ғылым мен қоғам дамуындағы жалпы мәселелердің арақатынасын түсіну.</p>	<p>✓ <b>Д – жекетұлғалық қабілеттілігі:</b>  D1 – педагогтың жеке тұлғалық кәсіби сапасының болуы, қарым-қатынас технологияларын, педагогикалық риторика машығын, қарым-қатынас стратегияларын меңгеруі;  D2 – жаңа құндылықтарды жасауға дайын, шығармашылық шешімдерді қабылдай алатын, төзімді және педагогикалық ынтымақтастыққа дайын болуы;  D3 – интеллектуальды, рухани-адамгершілікті, мәдениетті, қарым-қатынас, ұйымдастыру-басқару дағдыларын дамытуға ынталы;  D4 – педагогикалық іс-әрекетке талпынысы жоғары, педагогикалық инновацияларды шығармашылықпен қолдана алу, өз бетінше білім алу, өзін өзі жетілдіруі;  D5 – мәдени құбылыс ретінде ғылыми білімін дамыту және қалыптасу заңдылықтарын түсіну қабілеті;  D6 – ғылыми еңбектерді дайындау жолында бар білім аясын кеңейтетін нағыз зерттеулер арқылы өзіндік үлес қосу қабілетінің болуы;  D7 – білім алушылардың дене мәдениетін, еңбекті қорғау талаптарын сақтау қағидаларын қалыптастыруды жүзеге асыру қабілетінің болуы;.</p>

Мамандық бағдарламасы сонымен қатар 6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша, 3.1. пунктінде баяндалғандай, педагогика ғылымдарының магистрінің негізгі құзіреттілігін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған жалпы білім беретін пәндерді (Ғылым философиясы мен тарихы, шетел тілі) оқытуды қамтиды.

**7. 6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі (оқу мерзімі 2 жыл) білім беру бағдарламасы бойынша бөлінген компоненттердің құрылымы мен көлемі**

№	Қызмет түрлері	Кредит саны	Апта саны	Барлық сағат саны
1	Теориялық білім беру (1:2)	42	45	1890
2	Магистранттың теориялық оқудан қол үзбей, магистрлік диссертацияны орындауды қоса қамти отырып жүргізетін ғылыми-зерттеу жұмысы (1:7)	3	-	360
	Магистранттың магистрлік диссертацияны орындауды қамти отырып жүргізетін ғылыми-зерттеу жұмысы (1:7)	4	9	480
3	Қорытынды аттестация (1:6)	4	8	420
	<b>БАРЛЫҒЫ::</b>	<b>53</b>	<b>62</b>	<b>3150</b>
4	Теориялық оқудан қол үзбей отырып жүргізілетін педагогикалық практика (1:1)	3	-	90
5	Зерттеу практикасы (1:7)	3	12	360
6	Демалыстар		<b>13</b>	
7	Емтихан сессиясы		<b>9</b>	
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>59</b>	<b>96</b>	<b>3600</b>

6M010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша магистр дәрежесін алу үшін білім алушы кем дегенде 42 кредит теориялық білім, 6 кредит практика және 7 кредит ғылыми-зерттеу жұмыстарын игеруі керек. Магистрант теориялық біліммен қоса оқу үдерісінен қол үзбей: 3 кредит МҒЗЖ (әр семестр бойынша 1 кредит) және 3 кредит педагогикалық практиканы қатар игереді.